



Жиембет Бартоғашұлы

Жиёмбет Бортоғашұлы XVII ғ. аса көрнекті ақыны, ірі ойшылы, қырағы сардары. Ол Есім ханның әскербасы батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы. Жиёмбеттің бұлайша халық аузында сақталуы, ол ең алдымен елдің көкейіне қонымды жыр толғап, бойындағы ақындық шабытын батырлықпен байланыстырған болса керек. Мұның үстіне, Жиёмбет өзі тұстас кейбір хан мен билерге наразылық білдірген, тіл тигізе батыл сөздер де айтқан, өз дәуірінің өткір азаматы болған.

KAZ.KZ - ашық мәліметтер порталы



Есім сені есірткен,
Есілде менің кеңесім.
Ел білгеннен Есім хан,
Қолыңда болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін.
Ертеңгі күн болғанда,
Елің кеңес құрғанда,
Айналып ақыл табарға,
Есіктегі ебесін;
Сонда ханым не десін?!
Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит тұрткіні көресің.
Жиембет қайда дегенде,
Не деп жауап бересің?..
Менімен ханым ойнаспа!
Менің ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай.
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайыңдай.
Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре менен жайындай.
Беріктігімді сұрасаң,
Қарағай менен қайыңдай.
Көруші едім Есім хан,
Ханымды - күнім, сізді - айымдай.
Сырым саған түзуді,
Садаққа салған бұлындай.
Жұмыскерің мен едім,
Сатып алған құлындай.
Жүруші едім аранда,
Өзіңнің інің мен ұлыңдай.
Есімде мені сүймеуің,
істетпекке қойған тілің деп.
Мен өлсем құнсыз кетер деме сен,
Кешегі өзіңнің ұрып өлтірген,
Тілеуберді құлыңдай

Тілеуберді құлың мен емес,
Менің ер екенімді көргенсің,
Әуелден бірге жүргенсің,
Дегенімді кылғансың,
Қайратымды білгенсің,
Аптықпа ханым, күңнен соң,
Сіздің естен кеткенмен,
Біздің естен кеткен жоқ.
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр бұрыл байталға,
Сонда бір жайдақ мінгенсің.
Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Қаланың қасы бүлгенде,
Хандар қалаға қылаған,
Сұлтандар суға сылаған.
Қаз мойынды Ханымша,
Қалада тұрып жылаған.
Тал шарбакқа мал сақтап,
Тас қалада жан сақтап,
Тасқан екен мына хан!
Қайрылып қайыр қылуға,
Қылғаның жоқ ұнаған.
Қайратым қанша қайтса да,
Мұныға ханым, шыдаман!
Арқаға карай көшермін.
Алашыма ұран десермін,
Ат құйрығын кесермін,
Ат сауырсын берермін.
Алыста дәурен сүрермін.
Қарамасаң, ханым, қарама,
Сенсіз де күнімді көрермін

- Міне содан бері бұл толғау ел жадында сақталып, жатқа жырланып бізге жеткен.
- Хан мен би арасындағы сол бір келіспеушілік өрши түседі. Бұл жанжалға енді мынадай бір жесір дауы кеп жалғасады. Ол былай: Қасым ханның атасы [Тәуекел](#) өліп, оның [Ақторғын](#) дейтін әйелі жесір қалады. Ақторғын өзі сұлу, келбетті, әрі ақылды болса керек. Қасым ағасының жылы өткен соң Ақторғын жеңгесін [әменгерлікпен](#) өзі алмақ ойда жүреді. Ал, Ақторғын болса, өзі сүйетін Жолымбет нағашысының бір батыр насат інісімен көңіл қосып жүріп, жүкті боп қалады. Мұны сезген Қасым хан енді бұрынғыдан бетер қаһарланады. Жиёмбеттің батыр інісі Жолымбетті қарауындағы мың сан қолымен шүршіт соғысына айдайды. Әлгі [батыр](#) жігітті зынданға салады. Жиёмбет биді ойрат соғысынан қолға түскен құлдарға қосып, жер аудармақ болады. Хан бұйрығы бойынша [Жолымбет](#) батыр өз сарбаздарымен шығысқа аттанып, алты ай дегенде зор [жеңіс](#), мол олжамен оралады. Жүздеген пенде-шүршітті ханға әкеп сыйға тартады. Есім хан бір жағынан [Жолымбеттің](#) бұл ерлігіне риза болса да, екіншіден іштей оған деген өшпенділігін тастамайды, қайта өршіте түседі. Бір айтыс тартыста Жолымбеттің көзін жоймақ боп оны әуелі зынданға тастатып, артынан дарға асылсын деп, жұртқа жар салады. Осы жарлықты есіткен Жиёмбет би дар басына жетеді, сөйтеді де анадай жерде [би](#), батырлар ортасында тұрған Есім ханға тура барып былай деп зәрлі де, қаһарлы жырын термелейді: Міне содан бері бұл толғау ел жадында сақталып, жатқа жырланып бізге жеткен.
- Хан мен би арасындағы сол бір келіспеушілік өрши түседі. Бұл жанжалға енді мынадай бір жесір дауы кеп жалғасады. Ол былай: Қасым ханның атасы [Тәуекел](#) өліп, оның [Ақторғын](#) дейтін әйелі жесір қалады. Ақторғын өзі сұлу, келбетті, әрі ақылды болса керек. Қасым ағасының жылы өткен соң Ақторғын жеңгесін [әменгерлікпен](#) өзі алмақ ойда жүреді. Ал, Ақторғын болса, өзі сүйетін Жолымбет нағашысының бір батыр насат інісімен көңіл қосып жүріп, жүкті боп қалады. Мұны сезген Қасым хан енді бұрынғыдан бетер қаһарланады. Жиёмбеттің батыр інісі Жолымбетті қарауындағы мың сан қолымен шүршіт соғысына айдайды. Әлгі [батыр](#) жігітті зынданға салады. Жиёмбет биді ойрат соғысынан қолға түскен құлдарға қосып, жер аудармақ болады. Хан бұйрығы бойынша [Жолымбет](#) батыр өз сарбаздарымен шығысқа аттанып, алты ай дегенде зор [жеңіс](#), мол олжамен оралады. Жүздеген пенде-шүршітті ханға әкеп сыйға тартады. Есім хан бір жағынан [Жолымбеттің](#) бұл ерлігіне риза болса да, екіншіден іштей оған деген өшпенділігін тастамайды, қайта өршіте түседі. Бір айтыс тартыста Жолымбеттің көзін жоймақ боп оны әуелі зынданға тастатып, артынан дарға асылсын деп, жұртқа жар салады. Осы жарлықты есіткен Жиёмбет би дар басына жетеді, сөйтеді де анадай жерде [би](#), батырлар ортасында тұрған Есім ханға тура барып былай деп зәрлі де, қаһарлы жырын термелейді:

Өмірің қатты, Есім хан,
Бүлік салып бұйырдың.
Басын бер деп батырдың,
Қанын ішіп канбаққа,
Жанын отқа салмаққа,
Атадан жалғыз ол емес,
Хан ие, ісің жол емес!
Жолбарыстай Жолымбет,
Құрбандыққа қол емес!
Жол тосып алып кетіпті,
Қалмақтан алмақ сыйыңды,
Қаһарыңды басқалы,
Қалың елім жиылды.
Бастап келген өзге емес,
Жиёмбет сынды биіңді,
Малын салып алдыңа,
Әр саладан құйылды.
Он екі ата Байұлы,
Бір Тәңіріге сыйыңды.

Жиёмбет жырау осылай дегенде, хан
Есім райынан қайтып, дар алдында
тұрған Жолымбетті босаттырып жібереді



- - Жырауым, - дейді хан Жиёмбетке қарап - мен өзіңді сыйлап бір өтінішіңді қабыл алдым. Енді сіз де бұрынғы райыңыздан қайтарсыз?! - Қайтпағанда ше, хан ием, - деп би екі бүктелген бұзау тісті қамшысын төсіне басып оған ризалық білдіреді. Ханның Жолымбет батырды жазадан құтқарып, оның ағасы Жиёмбет биді риза етуінде үлкен мән бар-тын. Жесір даулап бір батырды дарға асқанша, оның қарамағындағы қалың бұқара елді өзіне каратып, билік ауқымын бұрынғыдан да кеңейту, нығайту еді. Ол ең алдымен осыны ойлады. Егер осылай шешімге келмеген күнде, Жиёмбет жырау оның бұл озбырлығын бүкіл Жайық жағалауындағы елге жайып жіберуі мүмкін еді. Есім хан сөйтіп дегеніне жетеді.



***НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ!***